

Бекітемін: 
ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек»
жеке балабақша меңгерушісі:
А.К.Бисенова

«Раушан» ортаңғы тобының ата- аналар жұмыс жоспары. 2024-2025 жыл
Мақсаты: Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру және балалардың жан-жақты дамуына ықпал ету.

№	Тақырыбы	Өткізу уақыты	Жауапты
1	Оқу жылына бірлескен әзірлік. «Ата – аналарды жылдық жоспармен таныстыру. Жиналыс. Тақырыбы: «Баланың балабақшаға бейімделуі» №1 Жиналыс Топтық ата-аналар жиналысы	Қыркүйек	Тәрбиешілер
2	«Алтын күз» мерекесі.Көрме ұйымдастыру. Табиғи материалдармен,дәнді-дақылдармен,мата,жіп бұйымдарынан подделка жасау.	Қазан	Тәрбиешілер
3.	«Менің отбасым». Жанұялық сурет көрмесі.	Қараша	Тәрбиешілер
4	«Тәуелсіздік-ел тілегі» тақырыптық іс—шара. «Ата – анамен үлкендерді құрметтеу». №2 Жиналыс.Топ ішілік жиналыс.	Желтоқсан	Тәрбиешілер
5	«Қыс қызығы». Қардан мүсіндер жасау	Қаңтар	Тәрбиешілер Ата -аналар
6	«Ертегі сыр шертеді». Үйде шығармашылық қабілеттерін дамыту шараларын жасау,балалардың ойлау қабілетін дамыту.	Ақпан	Тәрбиешілер
7.	«Менің анам әдемі».Аналар мерекесіне байланысты өткізілетін ертеңгілікке қатыса отырып,балаларының өздеріне деген сүйіспеншіліктеріне разы болу.	Наурыз	Тәрбиешілер
8	«Балалардың бір күндік күнтізбесі». Бөбекжайдағы ашық есік күні.	Сәуір	Тәрбиешілер
9	«Тату доспыз бәріміз». Тәрбиелік іс-шара. Ата -аналар жиналысы. Жылды қорытындылау.	Мамыр	Тәрбиешілер

ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

Хаттама №1
(«Раушан» ортаңғы тобы)

Т
Тәрбиеші: Амангалиева Б.А.

Ата-аналар жиналысы №1

Тақырыбы: Баланың балабақшаға бейімделуі

Құрметті ата-аналар!

Балабақшаға келу – әр бала өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Бұл уақытта бала жаңа ортаға, күн тәртібіне, тәрбиешілерге және құрдастарына бейімделеді. Бейімделу әр балада әртүрлі өтеді: кейбір балалар тез үйренсе, енді біреулеріне көбірек уақыт қажет болады.

Бейімделу кезеңінде балаларда жылау, мазасыздану, тәбеттің төмендеуі, ұйқының бұзылуы сияқты уақытша өзгерістер байқалуы мүмкін. Бұл – қалыпты жағдай.

Баланың балабақшаға тезірек бейімделуі үшін:

- Балабақша туралы жағымды пікір қалыптастырыңыз;
- Күн тәртібін балабақша режиміне сәйкестендіріңіз;
- Баланы уақытында әкеліп, уақытында алып кетіңіз;
- Қоштасуды қысқа әрі сенімді түрде жасаңыз;
- Тәрбиешілермен тығыз байланыста болыңыз.

Біздің ортақ мақсатымыз – баланың өзін қауіпсіз, жайлы сезінуіне және балабақша өміріне қызығушылықпен араласуына көмектесу.

Назарларыңызға рақмет! Сұрақтарыңыз болса, қуана жауап береміз.

Баланың балабақшаға бейімделуі – баланың жаңа ортаға, күн тәртібіне, тәрбиешілер мен құрдастарына үйрену процесі.

Бейімделу кезеңінде байқалатын өзгерістер:

- Ата-анасынан ажырағанда жылау;
- Мазасыздық, қорқыныш;
- Тәбеттің төмендеуі;
- Ұйқының бұзылуы;
- Тұйықталу немесе керісінше ашуланшақтық;
- Жиі сырқаттану.

Баланы балабақшаға бейімдеудің жолдары:

1. **Алдын ала дайындау**
 - Балабақша туралы жағымды әңгімелер айту.
 - Күн тәртібін балабақша режиміне жақындату.
2. **Біртіндеп үйрету**
 - Алғашқы күндері баланы қысқа уақытқа қалдыру.
 - Уақытын біртіндеп ұзарту.
3. **Эмоционалдық қолдау көрсету**
 - Баламен сабырлы сөйлесу.
 - Қоштасуды қысқа әрі сенімді жасау.
4. **Тәрбиешімен ынтымақтастық**
 - Баланың ерекшеліктері туралы тәрбиешіге айту.
 - Бейімделу барысын бірге бақылау.
5. **Үйде қолайлы жағдай жасау**
 - Баланың демалысына жеткілікті уақыт бөлу.
 - Оның сезімдерін тыңдап, қолдау көрсету.

Бейімделудің түрлері:

- **Жеңіл бейімделу** – 1–2 апта ішінде.
- **Орташа бейімделу** – 2–6 апта ішінде.
- **Күрделі бейімделу** – 2 айдан астам уақытқа созылуы мүмкін.

Бейімделу кезеңінің ұзақтығы баланың жасына, мінезіне, денсаулығына және бұрынғы әлеуметтік тәжірибесіне байланысты болады. Ата-ананың сабырлылығы мен қолдауы бұл процестің сәтті өтуіне үлкен әсер етеді.



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

«Алтын күз мерекесі»
(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиеші: Амангалиева Б.А.

Жүргізуші: Қарсы алайық бәріміз,
Жасымыз бен кәріміз.
Қырдан кепті қыдырып,
Алтын күз бізге нұр төгіп.

Тілегім аман болсын ел іргесі,
Алтын күз қайта келді берекесі.
Молшылықтың жаршысы бола білді,
Алтын күз-ырыс, береке, бірлік ала келді.

Армысыздар ұстаздар мен ата-аналар, қадірлі қонақтар! «Алтын күз, әсем айналам, Еліне береке сыйлаған» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп тұр.

«Көк майсалы көрікті, алқаптағы көп егін
Бұл күндері киіпті, сары жібек көйлегін» - Бұл не, балалар? (Күз мезгілі)

(ендеше, күз мезгіліне арнаған өлең шумақтарымызды тыңдайық)

Ән «Алтын күз»

1. Бекарыс:

Қуандырып біздерді, кел жемісті алтын күз.
Өлкемізге күз келді, кемелденсін халқымыз.
Жеміс мол теретін, күз дос екен бізбенен
Бәрін тауып беретін, жомарт екен күз деген.

2. Жанерке:

Жетгі желмен алтын күз,
Жеміс жинау салтымыз
Жиып-теріп болған соң
Той жасайды халқымыз,
Мол өнімді жинаймыз
Елге бәрін сыйлаймыз.

3. Мансур:

Қыстың жақын қалғанын, жапырақтар білгендей,
Желмен ұшып барады, жерге қонып үлгермей
Жапырақтар жамырап, сайға барып бекінді,
Анасынан ажырап, қалған бала секілді.

4. Жанерке:

Жатыр дала жалтылдап, жаз шуағы мол құйды,
Күн астында алтын дән, тербеледі толқиды
Көктемде егін егетін, күзде жиып беретін
Біздің дала бай дала, астық толы айнала.

5. Ақат:

Көк майсалы көрікті,
Алқаптағы көлегін.
Бұл күндері киіпті,
Сары жібек көйлегін.
Ағаштардан жамырап,

Балалар бізге қонақ келе жатқан сияқты. Ол кім болды екен?

Күз патшайымы: Сәлем менің достарым,
Өмірге көп қосқаным,
Күз сыйлығын алындар
Сыйлығына қанындар.
Молшылыққа кенеліп,
Шаттық әнге салындар.

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе, Күз патшайымы! Біздің балалар сізді асыға күтті.

Күз патшайымы: Рахмет, менің достарым! Ал, мен сендерге жұмбақ ала келдім.

1. Бұтақта ілініп тұрамын,

Піскенде себетке құладым. (**Жеміс**)

2. Ашулы қонақ бұл анық,

Тонып шешсе жыладық. (**Пияз**)

3. Өсірер тың дала,

Көшірер қамбаға.

Айналар ұнға да

Айналар нанға да (**Бидай**)

4. Сырты қатты,

Іші тәтті. (**Қарбыз**)

5. Өсірдім ұлпа қар,

Шешуін кім табар. (**Макта**)

Жүргізуші: Күз патшайымы, біздің балалар, егін және күз жайлы мақал- мәтелдер біледі.

1. Екпей егін шықпас, 2. Жердің сәні егін

Үйренбей білім жұқпас. Ердің сәні білім

3. Егіндікті күз суар. 4. Арпа, бидай ас екен

Күз суарсан, жүз суар Алтын күміс тас екен

5. Не ексең соны орасын 6. Жері байдын – елі бай.

Жүргізуші: Сұлу қыздарымыздың биін тамашалайық.

Би: «Қолшатыр»

Аймера:

Картоп біздің атымыз
Жер астында жатырмыз
Бір тамырдан тараған
Ағайынбыз бәріміз

Айару:

Жалырақ ұшы
Суықта түсті
Сондада бізге қызық көп күзде

Әлішер:

Мен алмамын, алмамын
Таңдандырар бал дамын
Пісіп толдым мінекей
Баптап ерек бағбаның

Әли:

Өсіретін бойыңды
Дамытатын ойыңды
Қоянғада азықлыз
Сәбіздерміз жазықсыз

Айзере:

Қуанышты ағайын
Қонырауын қағайын
Қуандырып біздерді
Өлкемізге күз келді

Айсұлтан:

Келді міне күз
Айнала сары түс
Керемет тамаша
Қандай әсем күз

Ән: « Жау-жау жанбыр»

ОЙЫН «Жемістер мен көкөністер»

Залға 4 шеңбер қойылады (олар үлкен себет болады) 4 баланын басына- өрік, қызанақ, орамжапырақ жүзім маскаларын кигізеді. Барлық балалар 4 командаға бөлінеді.

1 –Өрік

2 – Қызанақ

3 – Орамжапырақ

4 – Жүзім

Музыкамен барлығы билейді, тоқтап қалғанда, әр команда өз шеңберіне барып тұрады. Кейін ойын қайталанады.

Би: « Флешмоб»

Күз патшайымы: --- Керемет! Қандай әдемі! Балалар, менің басқа балабақша бүлдіршіндеріне баратын уақытым болыпты. Мен енді кетейін, келесі кездескенше сау болыңдар!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ата-аналар бүгінгі «Алтын күз, әсем айналам, Еліне береке сыйлаған» - атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, күз беркелі, астықты болсын демекпіз. Сау болыңыздар қонақтар, келгенше жыл айналып.





ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

**Менің отбасым.
(жанұялық сурет көрмесі)
(«Раушан» ортаңғы тобы)**

Тәрбиеші: Амангалиева Б.А.



Менің отбасым

Менің отбасым – мен үшін ең қымбат жандар. Отбасымда әкем, анам, мен және бауырларым бар (немесе нақты санын өзіңізге қарай өзгертуге болады).

Әкем – отбасының тірегі, ол бізді қорғайды және қамқор болады.

Анам – өте мейірімді, ол бізге тамақ әзірлеп, әрдайым қамқорлық көрсетеді.

Мен отбасымды жақсы көремін және олармен бірге уақыт өткізгенді ұнатамын.

Біз бірге серуендейміз, демаламыз және бір-бірімізге көмектесеміз. Мен үшін отбасы – бақыт пен жылулықтың мекені

ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

Тәуелсіздік ел тілегі

(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиеші: Амангалиева Б.А.

Тақырыбы: «Күн дидаглы Қазақстан».

Максаты: Балалардың Отанды, Рәміздерді, Елбасы, желтоқсан оқиғасы, Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін молайту. Мәнерлеп таппақ айтуға, сахналық көріністерді көрсеру арқылы еліне, отанына деген сүйспеншіліктерін арттыру. Отанын елін сүйуге тәрбиелеу.

Еліміздің Тәуелсіздігіне орай өткізілетін мерекелік ертеңгілікке балалар қолдарына жалау ұстап залға кіреді. Мұнан соң барлығы Әнұранды орындайды

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, балалар, қонақтар, әріптестер! Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған «Раушан» ортаңғы тобының «Күн дидаглы Қазақстан» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер.

Жүргізуші:

Рәміздерім елдігімнің белгісі,

Білу керек бала – дағы ең кіші.

Рәміздерім – Әнұраным, Көк ту, Елтаңба.

Рәміздерді жатқан білген жөн кісі.

Жүргізуші: Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан.

Жүргізуші: Еліміздің президенті кім?

Балалар: Қасым Жомарт Тоқаев.

Жүргізуші: Еліміздің елордасы қалай аталады?

Балалар: Астана.

Жүргізуші: Астана қандай қала?

Балалар: Астана – бас қала, әдемі үлкен қала.

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар балалар. Ендеше осы Отанымыз туралы ән айтайық:

Ән: «Отан»

Жүргізуші: Отан туралы таппақтарымызды айтайық.

Хасан

Тәуелсіздік таң атты,

Барлық әлем халқыма,

Осы тұрған халқыма,

Бейбітшілік орнасын.

Айзере.

Біз бақытты баламыз,

Тәуелсіз елдің ұланы,

Мәңгі жасап, гүлденеміз,

Ұлы елдің қыраны.

Әмірхан.

Отаным менің Қазақстан,
Қарызбын саған әрқашан.

Азаматтық борышты,
Өтеуге мәңгі талпынам.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар.

Би: «Торсық» Еркеназ, Айбибі, Асылым, Мадина, Инабат, Адия,

Ойын: «Туды жинау».

Жүргізуші: Тапақтарымызды айтайық.

Ансар.

Отаным менің Қазақстан.

Мәңгілік сенмен мақтанам,

Саянда жүрсем әрдайым,

Күлімдеп жүрем бақ табам,

Адина

Туған жерім Қазақстан,

Сен деп соғар жүрегім,

Нұрлана бер, гүлдене бер,

Осы менің тілегім.

Маржан.

Отаным менің Қазақстан,

Атыңнан сенің айналдым,

Бас иіп саған өтінем,

Жасай бер жаса Қазақстан.

Би: «Тұлпар биі» ұлдар.

Жүргізуші: Ендеше тапақтарымызды айтайық.

Азамат.

Қуат алған өзіңнен.

Туған елдің қызымын,

Бақытты етіп өсірген,

Отанымның гүлімін,

Нұрахмет.

Мерекеге шығады,

Бүкіл халық біліп қой,

Отандастар ұғады.

Тәуелсіздік ұлы той.

Ән: «Қазақстан» .

Би: «Көгілдір тулар» Аяулым, Хадиша, Халиса.

Жүргізуші: Осымен тәуелсіздік күніне арналған Бөбек тобының ертеңгілігі аяқталды, көңіл бөліп тыңдағандарыңызға рахмет.

Қазақстанымыздың көк байрағы желбіреп, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын.

Сау болыңыздар!





Қыс қызығы: қардан мүсіндер жасау

Қыс мезгілі – ең қызықты және әдемі жыл мезгілдерінің бірі. Қар жауғанда балалар үшін ерекше қуанышты уақыт басталады.

Біз достарымызбен аулаға шығып, қардан әртүрлі мүсіндер жасаймыз. Қарды домалатып, үлкен-кіші дөңгелектер жасап, оларды бір-біріне қойып аққала тұрғызамыз. Кейде біз аңдардың, үйдің немесе түрлі кейіпкерлердің мүсіндерін де жасаймыз.

Қардан мүсін жасау өте қызықты әрі көңілді. Біз бірге күліп, ойнап, уақытты жақсы өткіземіз. Қысқы ойындар бізді шынықтырады және достықты нығайтады.

Қыс – нағыз қызыққа толы мезгіл!



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

Ертегі сыр шертеді

(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиеші: Амангалиева Б.А.

Жазғы сауықтыру іс шарасы.

Тақырыбы: Түлкі мен Қоян

Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсіндеу, ауызекі сөйлеулерін дамыту: сұрққа жауап беру қабілеттерін дамыту, балаларды батырлыққа, өжеттілікке, достыққа тәрбелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар ертегіге сай безендіру, қоян түлкі, сөбіз суреттері сөздік жұмысы: айлакер, қорқақ пән аралық байланыс: Ұзын қысқа – сенсорика

Балалар мен сендерге жұмбақ қойғым келіп тұр. Жұмбақтың жауабын суретте көрсетілген. Суреттің көмегі арқылы жұмбақтың жауабын табайық.

Жұмбақ

Құйрығы мен бұлаңдап

Қандай аң ол алдайтын Түлкі

Көзі тостақ, өзі қорқақ Қоян

Балалар жұмбақты тыңдап жауабын айтады.

Түлкі мен Қоянға сипаттама беру. Балалар, түлкі жыртқыш аң десек, ал қоян жыртқыш аң емес. Қоян өте қорқақ аң, қоянды үйде асырауға болады. Қазір осы қоян мен түлкі туралы орыс халқының ертегімен танысамыз.

Түлкі мен Қоян ертегісі.

Әуелде түлкінің құйрығы жоқ – еді Қасқыр мен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Жүрген ізін жасыра алмай қиналыпты. Сол үшін қасқыр, түлкінің артынан еріп, аңдып жүріп, оның ініне түсіпті. Түлкі інінің екінші тесігінен шығып кетіпті. Шығып кетпесе, қасқыр түлкіні өлтіріп тастар еді. Түлкі орманда келе жатып ағаш түбінде отырған қоянды көреді. Ол мезгілде, қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Сол жерде қоянды түлкі ұстап алып:

Ә бәле түстің ба қолыма, мен сені жеймін. Өзін ұстап алған түлкіге қоян мені өлтірме, құйрығымды сыйға бериін деп жалыныпты. Міне содан бері

түлкінің құйрығы ұзын болыпты ал қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.

Сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын сұрау .Балалар сендерге ертегі ұнады ма?Балалар ия ұнады деп жауап береді .Ертегіде нелер туралы айтылған ?Түлкі ,қасқыр , қоян туралы әлден соң ағаш арасында кірген түлкі нені көреді?Ағаш түбінде отырған қоянды көреді ия балалар содан бері түлкінің құйрығы ұзын болыпты ,ал қоянның құйрығы ұзын болыпты ,ал қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

«Менің анам әдемі»
(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиеші: Аманғалиева Б.А.

*Зал іші мерекеге сай безендірілген, көңілді әуен ойнап тұрады.
Залға музыка әуенімен балалар кіреді. Балалар жартылай шеңбер құрып тұрады.*

1-жүргізуші: Шуақты көктем келді гүлін алып

Көктемнің мерекесі бүгін анық.

Өмірдің көктемі де, гүлі-Аналар

Ана деп бас иеді күллі халық.

Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар

Аналардан туған небір даналар.

Ана деген тіршіліктің тірегі,

Армысыздар, қасиетті аналар!

Қошкелдіңіздер! Аяулы аналар, қызғалдақ қыздар, қадірлі ұстаздар!

Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, 8 – наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті. Көктемнің шуақты күндерімен қатар келіп жатқан төл мерекелеріңіз құтты болсын!

2 – жүргізуші: Армысыздар, құрметті аналар, әжелер апалар және ару қыздар сіздерді 8 – наурыз халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймыз!.

Аналар мерекесіне арналған ертеңгілігімізді бастаймыз!

Ән: Ақ мама»

1. Еркелесем күнімдейтін,

Ұрысқаны білінбейтін.

Маңдайымнан иіскеп менің,

Құлыншағым күнім дейтін.

Қайырмасы:

Ақ мамам, ақ мамам!

Құлыншағым күнім дейтін

Ақ мамам, ақ мамам!

Құлыншағым күнім дейтін.

-Ал сендер, балалар, аналарың мен апаларыңның мерекелерімен құттықтауға дайынсыңдар ма? \ия\

Тақпақтар: Айкөркем, Жанель, Анель, Арыстан, Назерке, Алишер, Адина, Айсезім

Айкөркем: Жарқын жүзді жан анам,

Сендей болсын бар адам.

Сендей болса бар адам

Шаттық кетпес баладан.

Жанель: Анам, анам, ақ анам

Менде өзіндей ақ балаң

Айтқан тіліңді аламын

Жұмсағанда барамын.

Анель: Ақ кабакты анашым,

Күн сәулелі анашым.

Әлпештеген баласын

Айналайын анашым.

Арыстан: Анамды мен жақсы көремін

Айтқан тілін алып жүремін.

Анамнан адасқанмын.

Сен менің анам болшы!?

Қоян: Жоо-жооқ сары балапан,

Мен сенің анаң бола алмаймын

Қос аяқты, сақ құлақ,

Көжектердің анасымын

(Балапан шыр етіп жылайды)

Жүргізуші: Уайымдама балапан, біздер сенің анаңды табамыз, сенің көңіліңді көтеріп, саған би билеп береміз.

Би: Гүлдер

Ойын: Гүл жинау

Жүргізуші: Балалар балапанның анасын табуға ары қарай жолға шығайық қоян сен де бізбен бірге жүр!.

Әуенмен залға ешкі кіреді.

Ешкі әже: Салем сары балапан!

Қайдан шықтың балапан!?

Не болып қалды балапан!?

Балапан: Мен кішкентай балапан.

Ойнағанды ұнатам.

Құрт-құмырсқа жеймін деп,

Анамнан адасқанмын.

Сен менің анам болшы!?

Ешкі әже: Жоо-жооқ сары балапан!

Басында мүйізі бар.

Соған мен әже боламын!

(Балапан тағы да шыр етіп жылайды)

Жүргізуші: Балапан Ешкі әже де сенің анаң емес екен, сен мұнайма біздің балалар әжелерін мейраммен құттықтамақшы!

Тақпақтар: Мукаш, Эльнара, Акнәзік, Ералы, Абду-Рахман, Анель, Нұрислам, Нұрәли, Айару, Маді.

Мұқаш: Айтсаң болды тіл алам

Әйбат мамам ак мамам.

Эльнара: Айналайын анашым

Әлпештеген баласын

Еміп өскен бөбекпіз

Анамыздың мамасы

Акнәзік: Алысқа кетсем де

Сағынамын мен сені

Әрқашан да жанымнан,

Табылатын менің анашым.

Ералы: Анамызды тыңдадық

Әсем әнді әуелі.

Әлди әлди, әлди ай

Әсем әні анамның.

Назерке: Еркелесем күнім дейтін
Ұрысканы білінбейтін
Маңдайымнан иіскеп менің
Құлыншағым күнім дейтін.

Алишер: Әр сөзіңді жаттаған
Жүрегінді сақтаған
Анашым деп мақтанам
Айналайын ақ мамам.

Адина: Сыйлайыншы гүлімді
Теріп алып даладан
Мейрамыңыз бүгінгі
Құтты болсын анашым.

Айсезім: Айналайын анашым
Құтты болсын мейрамың.

Жүргізуші: Біздің топтың ұл қыздары сіздерге арнап орысша ән айтып береді.
Ән: Мамочка моя

Жүргізуші: Ал енді біздің бүлдіршіндердің сахналық қойлымын қабыл алыңыздар! *Сахна ертегіге сай безендірілген.*

Автор: Ерте, ерте, ертеде бір тауық өмір сүріпті. Күндердің күнінде өзінің жұмыртқанын басып шығарады. Оны күннің көзіне қояды. Жұмыртқа жарылып ішінен балапан шығады.

Балапан: Сәлем, мен келдім!
Мен кішкентай балапанмын,
Ойнағанды ұнатамын.
Құрт-құмырсқа жеймін деп,
Анамнан адасқанмын.

(Балапан шеңберді айналып жүреді).

Автор: Жаңа туған балапан жан-жағына аң-таң болып, сөйтіп серуендеп кетеді. Серуендеп келе жатады...

Жүргізуші: Қайдан жүрсін балапан! Саған не болды?

Балапан: Мен кішкентай балапан.
Ойнағанды ұнатамын.
Құрт-құмырсқа жеймін деп,
Анамнан адасқанмын.

Сендер маған көмектесесіңдер ме!?

Жүргізуші: Әрине көмектесеміз. Балалар балапанға анасын табуға көмектесеміз бе? Ендеше балапанның көңілін көтеріп әнімізді айтайық Сен уайындама балапан!

Автор: Сөйтіп, барлығы балапанның анасын іздеп жолға шығады. Алдарынан қоян кездеседі.

Барлығы: -Сәлем, қоян!

Қоян: - Сәлем балапан! Қайдан жүрсін балапан?

Балапан: Мен кішкентай балапан.
Ойнағанды ұнатам.
Құрт-құмырсқа жеймін деп,

Абду-Рахман: Аялаған анашым
Мәпелеген анашым
Менің саған тілегім
Қартаймашы анашым.

Анель: Анам менің анашым
Сені жақсы көремін
Мерекемен бүгінгі.

Нұрислам: Бізді өсірген анашым
Еңбегіңіз зор екен
Құтты болсын анашым
Құтты болсын мерекең

Нұрәли: Ана біздің күніміз.
Ана біздің гүліміз,
Анам менің анашым,
Сені жақсы көремін.

Айару: Әлпештеген баласын
Ана бақыт, ана күн
Әркім сүйіп өзінің
Мақтан етер анасын.

Мад: Жердегі бар тағамнан
Ана сүті нәрлі екен
Бұл жалғанда анамнан
Сүйікті адам барма екен.

Ән: I Love mammy

Ойын: Куыршақтың үйі\ үй құрастыру.

Балапан: Мен әрі қарай бара алмаймын, шаршадым, анамды қайдан табамын достар!?(мұңаяды)

Жүргізуші: Балапан сен мұңайма, біздің балалар анаңды іздеп тауып алып келеді, балалар балапанның анасын тауып береміз, балапан сен уайымдама!
(балалар залдан шығып кетеді, қыздар балапан киімін киіп шығады).

Ата-анамен ойын:

Залға тауық анасы балалармен кіреді.

Тауық: Қайда жүрсін балапан,
Сарғайып, уайымдап,
Қалдым ғой мен балақан.

Іздемеген жерім жоқ
Баспаған тауым жоқ
Күндіз-түні сені ойлап
Жүргеніме көп күн болды
Анаңды сен тыңдасаң
Еш жамандық болмайды.
Келші маған балақан.

Би: Балапандар.

Жүргізуші: Аналарымызды мерекемен құттықтап, сыйлықтарымызды сыйлайық.
(Барлығы өздерінің сыйлықтарын аналарына сыйлайды)

Жүргізуші: Анамызға деген біздің көңіліміз, мейріміміз ұшаң теңіз. Аналарымызға шат көңіл, мықты денсаулық тілейміз. Осымен ертеңгілігімізді аяқталды! Мерекелеріңіз құтты болсын!



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

Ашық есік күні

(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиеші: Амангалиева Б.А.

2025ж

Тақырыбы: «Балабақшадағы бір күнім»

Ашық есік күні

Мақсаты:

Ата-аналарды балабақшадағы күн тәртібімен таныстыру, оқу-тәрбие процесін көрсету, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Іс-шара барысы

1. Қонақтарды қарсы алу

- Ата-аналарды қарсы алу.
- Іс-шара бағдарламасымен таныстыру.

2. Ашылу бөлімі

Тәрбиеші сөзі:

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар! Бүгінгі «Балабақшадағы бір күнім» атты Ашық есік күніне қош келдіңіздер! Сіздер бүгін балаларыңыздың бір күндік өмірімен, оқу және ойын әрекеттерімен танысасыздар.

3. Таңғы қабылдау

- Балаларды қарсы алу көрінісі.
- Таңғы жаттығулар көрсету.

4. Ұйымдастырылған оқу қызметі

Балалардың жас ерекшеліктеріне сай қысқаша оқу іс-әрекетін көрсету:

- Сөйлеуді дамыту;
- Математика негіздері;
- Қоршаған ортамен таныстыру;
- Шығармашылық жұмыс.

5. Сергіту сәті

Балалар ән айтып, би билейді.

6. Ойын әрекеті

- Дидактикалық ойындар;
- Қимылды ойындар;
- Құрылыс және сюжеттік-рөлдік ойындар.

7. Шығармашылық көрме

Балалардың суреттері, колөнер бұйымдары мен жұмыстарын ата-аналарға таныстыру.

8. Ата-аналармен кері байланыс

- Пікір алмасу;
- Сұрақтарға жауап беру;
- Ұсыныстар қабылдау.

9. Қорытынды

Тәрбиеші сөзі:

Құрметті ата-аналар! Ашық есік күніне қатысып, уақыт бөлгендеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз. Балаларымыздың тәрбиесі мен дамуына бірге атсалыса берейік!

«Бала – біздің болашағымыз!»



Тату доспыз бәріміз»

Тәрбиешісі: Амангалиева Б.А.

2025 жыл

Мақсаты: Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Ұрандар, кима көгершіндер, шарлар, гүлдер, ұлттық костюмдер.

Жүргізуші:

Бірлік пен ынтымағы халықтың -

Көгімізде жарасқан жарық күн!

Ырыс, дәулет бакыты үшін халықтың,

Жайнай берсін, жайнай берсін алтын күн!

Жүргізуші: Қайырлы күн құрметті қонақтар, ұстаздар, тәрбиеленушілер!

ҚР мекендеген ұлттар мен ұлыстар достығы және бірлігіне арналған «Тату доспыз бәріміз» тақырыбындағы тәрбиелік іс-шараға қош келдіңіздер.

Ортада ҚР ән ұраны орындалады.

(Ән ұран орындалады.)

Жүргізуші:

Бұл мереке бұрын бүкіләлемдік «Еңбекшілер күні» болып тойланды.

Қазір ол «Дүниежүзілік ынтымақтастық күні» болып есептеледі.

Ұлтаралық татулық аркасында бүгінде ел тыныш, жұрт аман. Осы берекеміз бұзылмай

Қазақстанда тұратын барша ұлт арасындағы айнымас достығымыз мәңгілік болғай-дей отыра ортамызға ұлттар биін қарсы алайық.

2 Ұлттар биі.

— Балалар біз қай мемлекетте тұрамыз?

— Қазақстан.

— Балалар біздің ұлттымыз қандай?

— Қазақ.

— Ал, біздің президентіміз кім?

— Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

— Біздің елімізде қандай өзге ұлттар бар?

— Орыс, татар, өзбек, кәріс, кыргыз, үнді және де т.б.

— Дұрыс айтасындар. Біздің ел – көп ұлтты мемлекет. Қазақстанда басқада ұлттар тұрады: өзбек, орыс, кыргыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады. Олар бір

— бірімен тату, дос бауырлардай өмір сүріп жатыр. Қазақстанды олар өз жерім, өз

елім деп мақтан тұтады. Ынтымақта, бірлікте өмір сүріп жатыр. Қазақстан түрлі ұлттардың басын қосқан ұлы мекен.

3 Ән: «Татулықта күшіміз»

Балалар, көп ұлттарымыздың өздерінің салт-дәстүрлері, тілі мен мәдениеті жоғалмас

үшін қолайлы жағдай жасалған. Елімізде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдері өздерінің

салт — дәстүрлерін, ән — жырларын көрсетеді. Президентіміз, елімізді бірлікке,

ынтымаққа, бейбітшілікке, татулыққа өмір сүруге шақырады. Сондықтан біз елімізді

«Ынтымағы жарасқан ел» деп айтсақ артық айтқандық емес. Қазақстан халқының

өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт – дәстүріміз бар. Ұлттар тұтастығы мен

халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз дамып келеді. Еліміз өркейіп,

әр шаңырақ шаттық пен қуанышқа толы.

4 Такпақтар

Биші десе билейді
Аяқтары бір жерге тимейді.
Ортада шаттық көңілмен,
Павлин биін ересек
«Сұңқар» тобы билейді.


5 Би «Павлин»

6 Ән: «Дос болу керек»

7 Ұлттық ойын.

8 Ән: «Ақ көгершін»

Біздің мемлекет бейбітшілікті жақтаушы, достықты жырлаушы, тыныштықты сақтаушы ел. Елімізде әртүрлі ұлттар тағу-тәтті өмір сүруде. «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады»-деген халық мақалы біздің елге айтылғандай. Осымен «Достығымыз жарасқан» тақырыбындағы мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды.



ЖШС «Кенесары07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

«Бір жылдық жетістіктеріміздің қорытындысы»

топтық ата-аналар жиналысы

Тәрбиешісі: Амангалиева Б.А.

2025 ЖЫЛ

Мақсаты:

- Балалардың оқу жылы бойындағы жетістіктерімен таныстыру;
- Тәрбие-білім беру жұмыстарының нәтижелерін талдау;
- Ата-аналармен кері байланыс орнату;
- Жазғы демалыс кезіндегі бала қауіпсіздігі мен дамуы бойынша ұсыныстар беру.

Қатысушылар: топ тәрбиешілері, ата-аналар.

Өткізу түрі: дәстүрлі ата-аналар жиналысы.

Жиналыс барысы**1. Кіріспе сөз**

Тәрбиешінің құттықтауы.

Құрметті ата-аналар! Бүгін біз оқу жылының қорытындысын шығарып, балаларымыздың жетістіктерін бірге талқылау үшін жиналып отырмыз. Бір жыл ішінде балалар көптеген жаңа білім мен дағдыларды меңгеріп, жан-жақты дамуға қадам жасады.

2. Оқу жылының қорытындысы

Тәрбиешінің есебі:

- Балалардың сөйлеу тілінің дамуы;
- Қарапайым математикалық түсініктерді меңгеруі;
- Қоршаған ортамен танысу деңгейі;
- Шығармашылық қабілеттерінің дамуы;
- Әлеуметтік және коммуникативтік дағдылары;
- Өзін-өзі күту және мәдени-гигиеналық дағдылары.

Балалардың фотосуреттері немесе бейнежазбалары арқылы жетістіктерін көрсету.

3. Балалардың жетістіктері туралы ақпарат

- Белсенді балаларды атап өту;
- Байқауларға, мерекелерге қатысу нәтижелері;
- Топтың ортақ жетістіктері.

4. Ата-аналарға алғыс айту

Ата-аналардың топ өміріне қосқан үлесін атап өту.

Алғыс сөз:

«Балалардың тәрбиесі мен дамуына көрсеткен қолдауларыңыз үшін сіздерге шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Бірлескен еңбегіміздің нәтижесінде балаларымыз көптеген жетістіктерге жетті.»

5. Жазғы кезеңдегі қауіпсіздік туралы нұсқаулық

Ата-аналарға ұсыныстар:

- Жол қозғалысы ережелерін сақтау;
- Су айдындарындағы қауіпсіздік;
- Күннен қорғану шаралары;
- Баланың күн тәртібін сақтау;
- Денсаулығын нығайту және шынықтыру жұмыстарын жалғастыру.

6. Кері байланыс

Ата-аналардың пікірлері мен ұсыныстарын тыңдау.

Сұрақтар:

- Оқу жылында қандай өзгерістер байқалды?
- Баланың қандай жетістіктеріне қуаныштымын?
- Келесі оқу жылына ұсыныстарым.

7. Қорытынды

Тәрбиешінің қорытынды сөзі.

«Балаларымыздың әрбір жетістігі – ата-ана мен тәрбиешінің бірлескен еңбегінің нәтижесі. Алдағы уақытта да ынтымақтастығымыз жалғаса береді деп сенеміз. Баршаңызға денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз!»

Шешім:

1. Оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударылсын.
3. Ата-аналар мен педагогтердің ынтымақтастығы жалғастырылсын.

